

# Абай Құнанбаев



# Абай тоғызқұмалақ

Абай тоғызқұмалақ ойынын жақсы көрген және шебер ойыншылардың бірі болған. Және ел ішіндегі тоғызқұмалақшылардың бас қосып, сайысқа түсетін жері де Абай ауылы болған екен. Жаз - жайлауда, қыс – қыстауда тоғызқұмалақшылар Абай ауылына жиналып, өзара жарысқа түскен. Жарысты ұйымдастырушы Абайдың өзі болған.

Қазақтың бас ақыны Абай Құнанбаевтың тоғызқұмалақ ойнауын зерттеу – салиқалы зерттеуді қажетсінеді. Өйткені Абай тек ұлттық ойынды ойнап қана қойған жоқ, оны жүйелі насихаттап, жарыстар өткізген, демеушілік жасаған, өзіндік мектеп қалыптастырған, ұрпақтар үндестігін жалғастырған ойшыл тұлға. Абайдың тоғызқұмалақ ойнауы ХІХ ғасырдың соңына сәйкес келеді. Ақынның ұлттық ойынға құштарлығы М.Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясында жақсы ашып көрсетілген. Тоғызқұмалақтың Семей өңірінде кеңінен таралып, сақталып қалуы, ел өңірлеріне жалпыласуы, ізбасар шәкірттердің саны көбеюінің басында қазақтың дана тұлғасының есімі тұр.

Абайдың тоғызқұмалақ, дойбы ойындары мектебінен шыққан Әрхам Ысқақов, Жақсылық деген кісілер бертіңгі заманғы елуінші-алпысыншы жылдары Орталық Азия және Қазақстан бойынша тоғызқұмалақтан бірнеше дүркін чемпион болған. Тіпті, осы кезде де Абай ауданының жастары республикалық жарыстарға қатысып, жүлделі орындар иеленіп келеді. Осының бәрі Абайдың қазақтың рухани өнерінің дамуына, жетілуіне қамқоршы болғанын танытады.





*Жалпы осы Абайдың тоғызқұмалақшылығы туралы Абайдың ақын шәкірті Көкбай Жанатайұлы өз жазбасында айтып өтеді. Көкбай Жанатайұлы бүй дейді:*

*«Тобықты да бес-алты ойыншы шықты. Олар: Көрпебай, Құттықожа, Қуаттың Құдайберісі, Нақыштың Смағұлы дегендер еді. Абай осыларды кезек-кезек алғызып, кейде бәрін бір уақытта жинап, көп күндер бас алмай ойнап жатады. Артынан ойын тарқап, әлгі кісілер қайтатын болғанда дәулеті аз нашарларға соғымдық тай тайынша кәй киім сияқты*



*Деректерге  
қарағанда, ел ішінде  
Құду деген өте  
білгір  
тоғызқұмалақшы  
болған екен. Сол  
Құду мен Абай бір  
ойында екі күн, екі  
түн тапжылмай  
ойнаған екен. Бұл  
деген үлкен  
тәжірбиені қажет  
етеді ғой, - деді*



*Қазір Шығыс Қазақстан облысындағы ақынның мұражайында Абай ойнаған тоғызқұмалақ тақтасы сақтаулы тұр.*

# "Абай Жолы" романынан үзінді

Биікте

Татьянаның сахарадағы әні

Бірнеше жылдар өтеді. Осы жылдары Абай көп еңбек етеді, өнер іздейді. Абай кітаптары арқылы екі аға тауыпты. Олар Пушкин мен Лермонтов болатын. Бүгінде ол «Евгений Онегинді» аяқтады. Сондағы Татьянаның тағдырына үніліп, Тоғжан мен Салтанатқа ұқсатады. Сосын Татьянаның хатын аударып шығады. Михайлов айтуы бойынша, Евгений Онегиннің күйі («Евгений Онегин» операсы, жазған Чайковский) шығыпты. Абай соған қызығып, жаңағы аударылған хатқа ән шығара бастайды. Сол сәтте үйге кішкене молда, Әйгерім, Баймағанбет, Мұхаметжандар (Абайға ілескен, Тобықтыға жас ақын ретінде танымал) кіреді. Олармен қоса Көрпебай да кіріп, Абаймен тоғызқұмалақ ойнауға кірісіп кетеді. Мұхаметжан қызығып, Татьянаның хатын оқи бастайды. Сосын домбыраны алады да, үйлестіріп сала кетеді. Басында қазақша әндерге (Топайкөк, Ақбала) ілеспейді. Содан кейін еш іркілмей әнін тауып, бір керемет әуен жырлана түседі. Абайлар да ойынын тоқтатып, ден қойып тыңдай бастайды. Біршама уақыт өте ас мәзірі дайын болып, барлығы тамақтанып алады. Ал Абай әдеттегідей айналадағы отырғандарға қызық әңгіме айта түседі. Бүгін ол француз жазушысы Александр Дюманың атақты романы «Үш мушкетерді» қызық әңгіме етіп, ұзақ баяндап, түн жарымға шейін отырады.